

TURKISTAN

Талай тұлға еңбек еткен TÚRKISTAN

Túrkistan-да ел мен жер тарихына қатысты материалдар, әлеуметтік мәселелерге қатысты өткір мақалалар жиі шығып, аз уақытта жұртқа танымал басылымға айналды.



Санаулы күндерден соң Túrkistan халықаралық газетінің ашылғанына да 30 толғалы отыр екен. 30 жыл деген адамзат қоғамының тарихымен салыстырғанда қас-қағымдай-ақ сәт, дегенмен соның өзінде талай тарихи оқиғалар жүз беріп, үлкен істер атқарылып жатады.

Қазақ баспасөзі тәуелсіздіктен бері жақсы дамыды, көптеген газет-журнал ашылды, бұрыннан шығып келе жатқандары атауын өзгертіп, қайта түлеп нағыз халықтық басылымдарға айналды. Ал жаңадан ашылғандарының ішінде өзіндік бет-бейнесін қалыптастырып, оқырмандардың көзайымына айналды. Соның алдында Túrkistan газеті тұр деп сеніммен айтуға болады.

Жасыратын несі бар, ел тәуелсіздігін алғалы бері талай жақсы газет-журналдар шықты ғой, бірақ солардың көбі қаржылық жағдайдың қиындығынан жабылып қалды. Соны көріп отырып, негізін Қазақстанның Халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов қалаған Túrkistan газетінің әлі күнге тұрақты түрде шығып жатқанына шүкірлік айтып, қуанамын. Túrkistan ашылғаннан бері ұлт зиялылары оқитын, елдік мәселелерге тынбай үн қосып келе жатқан газет. Демек, бұл басы-

лымда еңбек ету әр журналист үшін мәртебе деп ойлаймын.

Мен Түркiстан газетi ашылғанына екi жыл толар алдында ғана жұмысқа тұрдым. Оның өзi аяқ астынан болғандай едi.

1969 жылы КазГУ-дiң (қазiргi әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетi) журналистика факультетiн бiтiрген соң Қызылорда облысының Тереңөзек ауданы «Еңбек туы» газетiнде 5 жыл бөлiм меңгерушiсi болып еңбек еттiм. Одан кейiнгi 21 жылда кеңшарда партком хатшысы, Тереңөзек аупартком бөлiмiнiң меңгерушiсi, ауатком төрағасының орынбасары, аудан әкiмiнiң орынбасары қызметтерiн атқардым. Соңғы қызметте жүргенде ауданымызға келген Қалтай Мұхамеджановпен кездесiп, үйге шақырып, қонағасы бердiм.

Қалтай ағаны бұрыннан бiлемiз, ол туралы бiраз әңгiмеге де қанықпын. Дегенмен жүзбе-жүз отырып әңгiмелескенге не жетсiн! Қалағаң өзi ашқан Түркiстан газетi туралы бiраз әңгiме айтты. Елге келгендегi мақсаты да газет таралымын көбейту шаруасымен жүргенiн жеткiздi. Қалтай ағамыздың Түркiстан газетiн қалай ашқаны жұртқа белгiлi ғой, ол туралы талай адамдар жазды. Сондықтан мен ол жағын қайталап отырғым келмейдi.

Тереңөзектегi үйiмдегi отырыста Қалтай ағаның қасында оның туған ағасы Әби және Алматыдан өзiмен бiрге келген ақын Сейфолла Оспан болды.

Мен ұзақ жылдар бойы өзiм қызмет еткен жерлерде ескi әңгiмелерге, сол өңiрден шыққан белгiлi кiсiлер туралы айтылған сөздерге, түрлi деректерге құлақ түре жүретiн адаммын ғой, солардың көбiн қағазға түсiрiп қойғанмын. Одан Сейфолла Оспанов ағамыздың хабары бар. Содан болар, дастарқан үстiнде әртүрлi тақырыпта әңгiме қозғалып, Сыр бойы тарихы, Сыр сүлейлерi хақында қызу әңгiме болып жатқан бiр тұста Сейфолла аға: «Қалаға, бұл iнiмiздiң ел-жер тарихы жөнiнде жинап жүргенi көп, сонымен танысып көрсеңiз болады» деп ағамыз назарын маған бұрды. Сөйтiп, Қалтай аға менiң жиып-тергендерiмдi көрiп, риза болып: «Жолбарысым-ау, – дедi әдетте өзiнiң сүйсiнiп айтатын сөзiмен. – Сырдың қазiргi «Сыр сандығы» өзiң сияқтысың ғой, мына қазыналарды шетiнен баспасөзге шығара беру керек екен, – дедi. – Өзiң ауданға сыймай жүрген сияқтысың, Алматыға келсеңшi, – деп қанаттандырып қойды менi.

Сөйтiп, Қалағаның сол күнгi айтқан бiр сөзi тағдырыма бетбұрыс жасап, Алматыға көшiп келдiм. 1995 жылғы 10 қаңтардан бастап халықаралық Түркiстан газетiне жұмысқа орналастым.

Газетке жұмысқа тұрған соң Сыр бойына қатысты жинаған материалдарым бiрiнен соң бiрi жарық көре бастады. Сол тұста газеттiң таралымын көбейтуге де атсалыстым. Түркiстан газетiнiң таралымын көтерген Алматы қаласы, Оңтүстiк Қазақстан және Қызылорда облыстары болды.

Түркiстан-да ел мен жер тарихына қатысты материалдар, әлеуметтiк

мәселелерге қатысты өткір мақалалар жиі шығып, аз уақытта жұртқа танымал басылымға айналды. Сөйтіп, ұлттық баспасөзіміз тарихында өз орнын иеледі.

Түркістан атауы бір кезде Қытайдың батысы, Орталық Азия мен Ауғанстанды қоса қамтыған тарихи атау ғой, Түркістан газеті шыққанда Өзбекстанның сол кездегі президенті марқұм Ислам Каримов өз еліндегі баспасөз басшыларына айтқан екен, «Тарихи атаудан айырылып қалдыңдар, әне қазақтар «Түркістан» деп халықаралық газет ашып алды» деп. Демек, Қалтай газетті «Түркістан» деп атағанда бұл атаудың бір қаланың аты емес, жалпы үлкен аймақтың атауы екенін және соның негізгі мұрагері қазақ елі екенін ұқтырған ғой.

Түркістан газеті халықаралық газет болған соң әлемдегі болып жатқан үлкен саяси оқиғалар жайында үнемі жазып тұрды, сонымен бірге түбі бір түркі халықтары туралы көптеген құнды мәлімет беретін материалдар жиі жарияланып, еліміз оқырмандарын алыс-жақындағы елдер туралы танымдық мәні мол деректермен таныстырды. Былайша айтқанда, әсері бір күндік жылт етпе жаңалықтардан гөрі тағылымы мол, уақыт сынынан өтетін материалдарды көптеп жариялады. Мұны 2020 жылдың басында шыққан «Түркістан газеті» атты жинақтан байқауға болады. Онда 25 жыл ішінде газетте басылған ең үздік материалдар топтастырылған.

Түркістан газетінің шыққанына 5 жыл толғаннан кейін Қалтай Мұхамеджанов газетті жастарға тапсырды. Сөйтіп, газетке белгілі медиаменеджер, шебер ұйымдастырушы Шамшидин Пәттеев бас редактор болды. Ол газетке 1999-2018 жылдарда басшылық жасап, газеттің көлемін ұлғайтты. Газеттің тиражы көбейіп А2 форматында 12 беттік үлкен газетке айналды. Сол қалыпта газет 2019 жылдың басына дейін шығып тұрды. Пәттеевтен кейін бір жарым жылдай уақыт Жаңабек Шағатай, одан соң үш жыл Қуат Әуесбай газетті басқарды. 2021 жылдың аяғынан бері Түркістан газетіне белгілі ақын, «Ақтөбе» облыстық газетін 20 жыл басқарған тәжірибесі мол Бауыржан Бабажанұлы басқарып келеді.

Түркістан газеті қашанда ауызбірлігі мол ұжым болды. Өзім істеген кезде туралы айтсам, бұл газетте өзімнен үлкендермен де, қатарластармен де, кішілермен де жұмыстас болды. Кейбір үлкен кісілер қазір ортамызда жоқ.

Түркістан газетінің алғашқы бас редакторы Қалтай Мұхамеджанов, көрнекті аудармашы, жазушы Әбілмәжін Жұмабаев, Әбірәш Жәмішев, Бейбіт Сапаралы, Дидахмет Әшімханұлы, Жаңабек Шағатай, Шәмшидин Паттеев, Көлбай Адырбекұлы, Айнаш Сатаевалар осы басылымның керегесін жайып, уығын қадасқандар. Ақын Абзал Бөкен, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы, жазушы Нұрқасым Қазыбеков, Ермек Сахариев, Ізімкүл Иманбекова, Ермек Зәңгіров, Рымтай Сағымбекова, Таңсұлу Алдабергенқызы, Сұлтанәлі Қанатбаев, Амантай Кәкен, Бота Бөрібаева,

Қалдарқан Қамбар, Жанар Тәпиева, Бану Шалова, Рая Арғынбекова, Ольга Иванова, Валентина Битеева, Өтеш Аққожин, Базарбай Хуаев т.б. көптеген қаламгер газетте 1994-2001 жылдар аралығында жұмыс істеді.

Газеттің басшылығына Шәмшидин Паттеев келгеннен кейін әр жылдарда оның орынбасарлары болып Ғалымжан Мелдеш, Дидахмет Әшімханұлы, Жаңабек Шағатайлар жұмыс істеді. Газет тілшілер құрамы да үнемі жаңарып отырды. Есенгүл Кәпқызы, Гүлнәр Мұқанова, Гүлзина Бектасова, Нәзия Жоямергенқызы, Гүлбиғаш Омарова, Ғайни Дәулетбақызы, Кәмшат Тасболатова, Динара Мыңжасарқызы, Еркежан Жұматаева, Ақниет Оспанбай, Ахмет Өмірзақ, Анар Лепесова, Әсел Әнуәрбек, Жәнібек Ғалым секілді журналистер еңбек етті. Ахмет Өмірзақ әлі де осы газеттің Алматыдағы меншікті тілшісі болып жұмыс істеп келе жатыр.

Türkistan газеті ұжымының бір ерекшелігі, Ш.Пәттеев бас редактор болғаннан бергі жерде журналистердің дені қыз-келіншектер болды. Жұрт соған орай қалжыңдап, Türkistan-ды «қыздар шығаратын газет» дейтін. Расында, қарап отырсақ, бұл газетте тер төккен журналистер қатарында әйел-қыздар көп болыпты. Сол дәстүр қазір де жалғасып келе жатқан көрінеді.

Türkistan газеті менің журналистік деңгейімді көтерді, онда осы кезге дейін жазған мақалаларымның түгелге жуығы жарияланды. Газет бетінде шыққан материалдарым бірнеше кітапты құрап, басылып шықты. Демек, елге атымыз белгілі болса, ол Türkistan-ның арқасы.

Еңбек еткен жерің халыққа белгілі басылым болса ол да адамға шабыт береді, ізденіске жетелейді. Мәселен, осы газетте жүріп мен 1872 жылдың аяғында Санкт-Петербург қаласында шыққан «Түркістан альбомы» жайлы Әлкей Марғұланның 1985 жылы шыққан «Ежелгі жыр-аңыздар» деген кітабынан оқып, соны іздеуге бел будым. Сөйтіп, оны тауып елге жеткіздім. Альбомның Қазақстандағы меншік иесі деген авторлық куәлік алған соң оны шығартқым келді. Сол кезде Қалтай Мұхамеджановтың қолдауымен 2005 жылы «Түркістан альбомының» шағын түрі басылып шықты. 2020 жылы бұл альбом «Түркістан 1866-1872» деген атпен толық күйінде басылып шықты. Егер Türkistan газетінде қызмет етпесем, бұл альбомды тауып, оны Қазақстанда шығартар ма едім? Демек, бұл да Türkistan газетінің шарапаты! Бұл альбомды тапқаным туралы елден сүйінші сұрап, алғаш жазған Türkistan болса, 2020 жылы да менен сұхбат алып альбомның толық күйінде кітап болып басылып шыққанын да жұртқа жеткізген де Türkistan.

Türkistan газеті қазір де өз дәрежесінде шығып жатыр. Мұнда істеп жатқан жастардың ізденістері қуантады. Әлі күнге өзім үзбей оқитын Türkistan газетінде түрлі әлеуметтік мәселелер көтеріліп жатады, қаламгерлермен, өнер адамдарымен жасалған сұхбаттар жиі жарияланады, әлемнің барлық елінде жетістікке жеткен қазақ жастары туралы

мақалалар үзбей шығып жатады.

Газеттің 30 жылдық мерейтойы тұсындағы лебізімді өзім ғана емес, қазақтың талай белгілі ұлдары мен қыздары еңбек еткен Тұrkistan-ға деген тілегіммен аяқтағым келіп отыр: Тұrkistan газеті халқымызға әрқашан өзінің биік деңгеймен қызмет ете берсін. Басылымда еңбек еткен барша қызметкерлердің еңбектері еленіп, абыройлары арта берсін!

**Тынышбек Дайрабай,
газеттің ардагері,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері**